

ескерсек, шетел тілін оқытуда аутентті видеосабактар мен аутентті мәтіндегі әндерді қолдану тиімді нәтижеге алып келері сөзсіз .

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теория. Алматы, 2005, 262 с.
2. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. М., АРКТИ-ГЛОССА, 2000, 165 с.
3. Longman Dictionary of Contemporary English 2003.
4. Носонович Е.В., Мильруд Р.П. Параметры аутентичного учебного текста //М., ИЯШ, 2004, №4, с. 74-78.
5. Нурова А.Б. Методика использования телекоммуникационных технологий в обучении английскому языку в общеобразовательной школе. Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. Алматы, 2007, 110 с.

ӘОК 4И (Англ)

Шинтаева Ләззат Аманхановна – оқытушы (Алматы, ҚазККА)

Хайтбаева Асем Амангелдиевна – оқытушы (Алматы, ҚазККА)

Сиптанова Роза Ибрайхановна – оқытушы (Алматы, ҚазККА)

ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АУЫЗЕКІ ТІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Барлық деңгейлерде халықаралық байланыстар мен ынтымақтастық аясының кеңейуімен, Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа кіру саясатымен байланысты жоғарғы оқу орындары алдында тәлімгерлерге меңгеріп жатқан шет тілдері арқылы халықаралық коммуникацияға қатыса алатындай және өздері меңгерген шет тілі бойынша өз бетімен білімін көтере алатын мамандарды дайындау мақсатын қойды. Сондықтан соңғы он жылдық ішінде шет тілін оқыту тиімділігін арттыру жолдары белсенді түрде қарастырылуда. Ол бір қатар қарқынды әдістерді қолдану, дәстүрлі әдістемелерге жаңа әр беру, сондай-ақ студенттердің жеке бастарына қатысты психологиялық ерекшеліктерді ескеру қажеттілігі яғни білім беруді индивидуализациялау және дифференциациялау.

Шет тілін үйретудегі басты міндет – үйренушіні тілді практикада қолдануға яғни сол тілде еркін тілдесуге үйрету. Тілдесу тұрмыстық тілдесу және кәсіби тілдесу болуы мүмкін. Үйренушілер сол тілде кез келген тақырыпта еркін әрі толыққанды тілдесулері керек.

Оқыту мақсатының бастапқы сатысы кешенді болып табылады. Бастапқы сатыда тілдесу қызметінің барлық түрлерін бірдей дамыту көзделеді. Негізгі мақсат ауызекі тілді меңгеру, ауызекі тіл тілдік қызметтің басқа түрлерін үйретудің негізі және шарты болып табылады.

Психологтардың дәлелдемелері бойынша, шет тілін меңгеруде санада екі тілдік код қалыптасады, олардың маңыздысы – ана тілінің коды болып табылады. Тіл үйренушінің ана тілін ескере отырып (фонетика ерекшеліктерін) көптеген қателердің алдын алуға болады. Шет тілдік лексиканы меңгере отырып, тіл үйренуші негізінен сол тіл ана тілі болып табылатын тұлғаның жолымен жүреді, яғни үздіксіз өмір бойы сөздік қорын толықтырып отырады.

Ауызша тілді дамыту және ауызша тілдің түрін анықтау көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады. Шет тілде ауызекі тілді меңгеру үшін, оның фонетикасын, лексикасын, морфологиясын, синтаксисін, тілдік этикетін меңгеру қажет.

«Тіл – дайын ойды жеткізу құралы емес, жаңа ойды қалыптастыру құралы».

Көптеген ғылыми және әдістемелік әдебиеттерде тілдік қызметтің 4 түрі көрсетіледі: сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу, қандай да бір себептерден, ойлау туралы айтылмайды.

И.А. Зимняяның пайымдауынша, ойлау – адам өз-өзімен сөйлесе отырып, бірден сөйлеуші мен тыңдаушының ролін атқарады. Тілдік қызметтің бірден – бір түрі ойлаусыз жүзеге асырылмайды.

Әдіскерлер ауызша тілді қалыптастыруға арналған арнайы жаттығулар жүйесін және грамматикалық және лексикалық материалды меңгеру механизмін қалыптастыру қажеттілігі туралы мәселені көтереді.

Шет тілдік ауызша тілді қалыптастыру және дамыту шет тіл құралдарымен құралған ойды түсіну және жеткізу біліктіліктері мен қабілеттерді дарыту болып табылады. Сол үшін тіл үйренушілердің грамматикалық және лексикалық материалдарды меңгеру механизмдерін қалыптастыру қажет. Ағылшын тілінде қанағаттанарлық деңгейде оқып, сөйлей алатын студенттер көбінесе нақты тілдік ортаға түскенде нақты жылдам тілді түсіне алмай, шарасыз жағдайға түседі, себебі, шет тілді үйрену материалы ретінде ол тілдің жазбаша – кітаптық түрі қолданылады. Тіл үйренушіні ағылшын ауызекі тілінің ерекшеліктерімен таныстыру қажет, яғни оны түсінудің кілтін беру қажет. Ауызекі тіл – тілдің жеке басқа қатысты, ресми емес қатынастарда қолданатын, тілдің еркше түрі. Ол сұхбаттасушылардың байланысқа түскенінде пайда болады, және әдетте ауызша айтылады.

«Ауызекі тілдің ерекшелігі тілден тыс жағдайға – конситуацияға сүйену болып табылады». Сөйлеу барысында көп нәрселердің аттары аталмайды, әңгімелесу барысында адамдар ымды, қол қимылдарын қолданады.

Ауызекі тілде сөздердің тематикалық топтары болады: тұрмыстық сөздер, қайталанатын есімдіктер, семантикалық мағынасынан айрылған сөздер, орын ауыстырушы сөздер. Сөздер басқа мағынада, метафоралық мағынада қолданылулары да мүмкін. Шет тілінде ауызша тілді қалыптастыру және дамыту тіл үйренушінің ойды түсіну және жеткізу біліктіліктерін меңгеру процессі болып табылады.

Форма мен мазмұн ойды жеткізудің негізгі категориялары болғандықтан, ауызша тілді дамыту соларға сүйенеді. Заманауи психология адамның түйсінуінің 2 диапазонын анықтайды – сенсорлық (саналы түрде) және субсенсорлық (санадан тыс), ол кезде ақпаратты түйсіну санадан тыс қабылданады. Субсенсорлық режимде қабылданатын ақпарат өте тиімді қабылданатыны белгілі. Оқытушының мақсаты – жайлылықты, студенттер мен оқытушылар арасында тиімді арақатынасты орнатуда психологиялық механизмдерді қолдану болып табылады.

Өзге тілде ойды жеткізу үшін тілдік материалды меңгеріп, біліктіліктер мен дағдыларды қалыптастыру қажет. Ана тілінде сөйлеу дағдысы қалыптасқан тіл үйренушілерде, егер осындай біліктіліктері жоғары деңгейде болса, шет тілін меңгеру де оңайға түседі. Тіл үйренудің бастапқы сатысында ауызша тілмен жұмыс басты орынға ие болуы қажет, себебі ол тілдік механизмдер мен тілдік қызметтің басқа түрлерін дамытуда аса маңызды орынға ие. Тілді қалыптастыру үшін белгілі бір үлгіні жаттау, мазмұнын айтып беру, дайын формаларды қосу қажет.

Тілдік қызметтің барлық түрлері тілді меңгерудің белгілі бір сатысында маңызды болып келеді. Тілдік қызмет түрлері 4 түрге бөлінеді:

1) форма жағынан да, мазмұны жағынан да өзіндік емес айтылулылар (сөздерді қайталау, жатталған диалогты айтып беру);

2) мазмұны жағынан өзіндік, алайда форма жағынан өзіндік емес айтылулылар (мәтіннен алынған фразаларды қолдану, блоктарды, штамптарды, яғни дайын формаларды қолдану: ауа райы жақсы ма, жаман ба? Кітап қызықты, әдемі қыз. Мынадай фразалар: Қал қалай: Танысып қойыңыздар. қуаныштымын). Осындай штамптарды, фразаларды қолданған дұрыс болып табылады, себебі тілдік қызметті дамытуға септігін тигізеді. Алайда ол өзіндік тіл болып табылмайды.

3) форма жағынан өзіндік, алайда мазмұны жағынан өзіндік емес айтылулар. Ол мазмұнын айтып беру болып табылады.

4) Форма жағынан да, мазмұны жағынан да өзіндік айтылулар. Студенттер өз беттерімен сөйлеу нысандарын тауып, ол туралы өз ойларын айтады. Ол шет тілін меңгерудің ең жоғарғы сатысы.

Тіл үйренушілер әдетте бастапқы сатыда тілдік бастамалар жасағылары келеді. Бұндай ұмтылыстарды құптап, шебер бағыттау қажет. Ересек адамдардың мағына байлығы мен тілдік құралдардың шектеулігі арасында алшақтық байқалады. Сәттілікке деген сенімді ояту қажет, жағымды, іскерлік жағдайды қалыптастыру қажет. Оқытушының сөздері қатты, нақты әрі дұрыс болуы қажет.

К. А. Родкин пайымдағандай, дайындалмай айтылған ойдың жоғарғы шегі болмайды, оның дамуы жартылай дайындалған тілден, дайындалмаған тілге дейінгі аралықты қамтиды.

Дайындалмаған айтылуларды ынталандыру шет тілін үйрету процессінің басты міндеттерінің бірі болып табылады, ол оқытудың өте ерте сатыларынан басталып, оқыту кезеңі бойынша жалғасын табуы қажет. Бастапқы сатыда әлі тілді еркін меңгермеген студенттер, дайын формаларды, штамптарды, блоктарды қолдану арқылы өз ойлары мен көңіл-күйлерін жеткізе алады. Осындай кезде олар өз ойларын қолданған тұстары болса, мадақтау қажет.

Тіл дегеніміз коммуникацияда сәттілікке жетудің мақсаты ғана емес құралы да болып табылатындықтан, оқытудың бірінші күндерінен-ақ, мағынаны түсінуге бағыттау қажет. Айтудың мотивтері әртүрлі болып келеді: бірнәрсені білу мақсаты, қандай да бір ақпаратпен бөлісу қалауы, тілдесу қалауы. Ауызекі тілді оқышылардың күнделікті өмірлерімен сәйкестендіру қажет.

Қорытынды:

Шет тілінде сөйлеуді үйрену үшін, сөйлеп жаттығу қажет. Сабақтарда ой қызметін іске қосатын, тілге деген шығармашылық көзқарасты дамытатын ойындарды қолдану өте пайдалы. Қандай да бір тіркесті әндетіп айту арқылы, немесе музыкамен айту жаттауға өте жақсы. «... Жады кілті, екінші кілті- ырғақ, үшіншісі – ұйқас, төртіншісі – ым мен қимыл, бесіншісі – мнемоника яғни жаттау техникасы». Есте сақтау үшін көп рет қайталау қажет, ал біліктілікті қалыптастыру үшін тілдік әрекетті көп реті жүзеге асыру қажет, яғни қандай да бір тіркесті қолдану қажет.

А.А.Акишина және О.Е. Коган тілді ауызша меңгеруді бағалаудың ықтимал критерийлерін ұсынады:

- а) студенттің айтқанын түсіну жеңілдігі;
- б) тілдің фонетикалық және интонациялық тазалығы;
- в) тілдің грамматикалық тазалығы;
- г) сөздерді дұрыс қолдану;
- д) тілдің жылдам әрі анық болуы.

Шет тілде ойын білдіру қалауы эмоциялардың, ой мен мүдденің қандай деңгейде қатысты болуына байланысты, сондықтан жағдайларды үйренушіге бейімдеу қажет. Сөйлеуді тек қана сөйлеу процессінде дамытуға болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Е.А.Земская. Иностранная разговорная речь: лингвистический анализ и проблемы обучения. М., «Русский язык», 2001, стр. 4.
2. И.А.Зимняя. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке. М., «Просвещение», 2001, стр 25.
3. А.А.Акишина, О.Е.Коган. Учимся учить. Для преподавания русского языка как иностранного. М., «Русский язык», 2002.